

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№3 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы.

« 25 » 11. 2023 ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрайымы:

1. Шалабаева Жанар - аға оқытушы;

Комиссия мүшелері:

2. Жаркинбаева Динара - декан орынбасары, магистр-оқытушы;
3. Примкулова Гауһар - т.ғ.к., доцент;
4. Джумадуллаева Асель - т.ғ.к.;
5. Мейірбекова Гүлмира - PhD, аға оқытушы;
6. Садуова Жанар - п.ғ.к., доцент;
7. Тажибаев Ғалымжан - магистр-оқытушы;
8. Исакова Парида - п.ғ.к., доцент м.а.;
9. Қаттабекова Назгүл - т.ғ.к.;
10. Паштанов Султан - аға оқытушы;
11. Оспанова Алия –аға оқытушы
12. Төрөбай Ақтолқын – магистрант 2 курс, МНК-211
13. Тимерхан Дариға – студент 4 курс, ППМ-011 ;
14. Қиянбекова Айдын - әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері.

Комиссия хатшысы: Төрөбай Ақтолқын

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау;
2. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау;
3. ББ пәндерінің цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуін қадағалау.
4. Қараша айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

1.Талқыланды: ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау. Бұл жөнінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Ж.Шалабаева сөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен кафедралар толық 90% қамтылғандығы баяндалды.

Кафедралар оқытушылары өздерінің шығарған оқу құралдары мен оқу әдістемелік құралдарының (кафедраларда ББ оқулықтармен қамтудың жоспары дайындалған), ОПҚ оқу құралдарын және электронды нұсқадағы кітаптарды баспадан шығарып, университет кітапханасына өткізді. Бұл үрдіс жалғасуда. Осы оқулықтармен оқу құралдарының және арнайы кол жетімді сайттағы кітаптар негізінде 2,8- қосымшалары толтырылып кітапханаға өткізілді. Сонымен қатар, оқулықтар қорын жаңарту мақсатында пәндерді оқытуға арналған оқулықтарды сатып алу үшін университет кітапханасына ұсыныс берілуде.

Кафедрада ББ пәндерін оқулықтармен қамтамасыз етуді жетілдіру керек. Себебі, факультетке қатысты мамандықтарда орыс, ағылшын, түрік тіліндегі әдебиеттер қорын толықтыру қажеттігі бар. Себебі, студенттер үшін үш тілдегі әдебиеттер қоры жеткіліксіз.

Сонымен қатар, кафедраларда оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік нұсқаулықтар дайындау мәселесі бар екенін айта кету керек.

Шешім: Факультетке қатысты барлық ББ оқитын білімгерлер үшін ағылшын, түрік, орыс тілдерінде оқулықтар, оқу құралдары мен оқу әдістемелік нұсқаулықтарды оқыту тілдеріне сәйкес шығару қолға алынсын.

2.Талқыланды: ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау;

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Ж.Шалабаева ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алып, ПОҚ студенттерге білім беру тәжірибесінің қалыптасқанын атап өтті. Факультеттегі барлық оқытушы профессорлар құрамы университеттің қаржыландырумен «Қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша сабақ беру және бағалау» және «Инклюзивті білім беру» атты біліктілік арттыру курсынан өтті. Оқытушылар өз тәжірибесінде кейс технологиясын т.б. пайдалана отырып студенттерге білім беруде.

Дегенмен, оқытудың озық тәжірибесін, енгізу тарауы мәселелері әлі де болса факультетте атқарылуға тиісті жұмыстардың қатарында. Солардың бірі, арнайы электрондық оқулықтарды дайындаудың сапасын арттыру қажет. Факультеттің оқу әдістемелік комитет жұмыс жасайды. Бұл мәселелердің сапасын арттыруды жолға қою керек.

Шешім: ББ іске асыруда оқытудың жаңа инновациялық әдістер, электронды оқулықтармен, оқыту үдерісіне инновациялық технологияларды ендіру сапасын артыру жұмыстары жүргізілсін.

2. Талқыланды:

№	ББ тобының коды	Білім беру бағдарламаларының топтарының атауы	Білім беру бағдарламасының коды	Білім беру Бағдарламаларының атауы	Кафедраның атауы
1	B011	Педагогика және психология	6B01101	Педагогика және психология	Педагогика және психология
2	B012	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	6B01202	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру
3	B013	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	6B01303	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру
4	B022	Тарих	6B02231	Тарих	Тарих
5	B032	Журналистика	6B03239	Журналистика	Журналистика
6	M011	Педагогика және психология	7M01101	Педагогика және	Педагогика және

				психология	психология
7	M012	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	7M01202	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру
8	M013	Пәнсіз мамандандырылған педагогтерді даярлау	7M01303	Пәнсіз мамандандырылған педагогтерді даярлау	Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру
9	M022	Тарих	7M02210	Тарих	Тарих
10	D011	Педагогика және психология	8D01101	Педагогика және психология	Педагогикалық ғылымдар
11	D016	Тарих	8D01604	Тарих педагогтерін даярлау	Тарих

Осы тізімде көрсетілген мамандықтар бойынша ББ пәндерінің цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуін 2-8 қосымшасымен жасалынып бекітілген.

Шешім: ББ пәндерінің цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуі қанағаттанарлық деп танылсын.


4. Қараша айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

Комиссия мүшелері 2023-2024 оқу жылының қараша айында ішінара мына мәселелерді талдау барысында анықтады: ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін, ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасауын, ББ пәндерінің цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуін қадағалау сапасын арттырып, оқытушылардың озық тәжірибесін таратуды қолға алу керек.

Шешім:

Қараша айында ағымдағы жұмыстар бойынша, яғни, ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі, ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау, ББ пәндерінің цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуін қадағалау.б. қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрайымы:



Шалабаева Ж.

Мәжіліс хатшысы:



Торбай А.